Сонымен, бірқолты зейнетақы төлемін (БЗТ) қандай максаттарға пайдалануға болады?

- Ипотекалық несиені ішінара немесе толық өтеуге;
- Бастапқы немесе қайталама нарықтан ипотекасыз тұрғын үй сатып алуға;
- Тұрғын үй сатып алуға және жөндеу жұмыстарын жүргізуге ипотекалық несие бойынша бастапқы жарна үшін қолдануға;
- Тұрғын үй құрылысы бағдарламалары және дағдарысқа қарсы бағдарламалар аясында ұсынылған сатып алу құқығымен жалдау шарты бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеуге;
- Отбасы банкіде ипотекалық қарызды қайта қаржыландыруға.

Бұл мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін, бірінші кезекте, «Отбасы» банкі онлайн платформасынан БЗТ келіп түсетін арнайы шот ашылу керек. Шотты онлайн режимде ашуға болады. Ол үшін ұялы телефоныңызға «ЖССБ24» мобильді қосымшасын орнатып алыңыз. Қосымшаны орнату және пайдалану туралы ақпарат WWW.HCSBK.KZ сайтында толық сипатталған.

Одан әрі WWW.ENPE-OTBASY.KZ сайтына өтіп, халыққа қызмет көрсету орталығынан (ХККО) немесе онлайн түрде WWW.EGOV.KZ ПОРТАЛЫНАН алынған электронды цифрлы қолтаңбаныз (ЭЦК) арқылы зейнетақы жинақтарыңыздың тиісті бөлігін мерзімінен бұрын шешіп алуға өтінім беру керек. Бұл жұмысты да үйден шықпай, компьютер арқылы онлайн жүзеге асыруға болады.

Қандай да бір сұрақтарыңызға жауап алу үшін банк кеңселеріне аяқтай барудың қажеті жоқ. Барлық қажетті ақпарат жауапты мекемелер сайттарында егжей-тегжей көрсетілген. Бүкіл процедуралар онлайн форматта жүзеге асыруға шақталған. Анықтамалық сұрақтарыңызбен әріптесіміз **Ғани Әбісәліқысқа 87077034444** нөміріне хабарласуға немесе [@gani_abdissadyq](https://www.instagram.com/gani_abdissadyq) Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасына жазылып, оқысаңыз болады.

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАНАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

КӘСІБІМ - МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҒЫМ



Биыл Жетібай мұнайын алынғанына 60 жыл толғалы отыр. Алла бұйырса, ақ түйенің қарны жарылған атаулы күнді алдағы уақытта тойлағалы отырмыз. Бүгінде мұнайшылардың тағдыры осы ескі кен орындармен байланысты. Кен орынының «қара алтынын» алғаш игерген даңқты мұнайшы бригадасында болғандардың өздері де бүгінде қатарлары сиреп, қарасы азайып қалып отыр. Сондай ардагер мұнайшылардың бірі, ол уақытта жас та болса алғашқы мұнай алынған кездегі мұнайшылардың, қарапайым халықтың, бастылардың қуанышына ортақ болып,

сонау тарихи оқиғалардың куәгері болған, сол бір сәттер жадында мәңгілік сақталып қалған азаматтардың бірі – Серік Ахметов.

Серік Ахметов Алматы облысы, Александров ауданы, Балықшы ауылында дүниеге келген. 1975 жылы «Союзнефтеатом» УУК бойынша орта білімі бар, мамандығы БӨҚ және А слесарі – Бақылау - өлшеу құралдары және автоматика слесарін бітірген.

«Мұнайтелеком» ЖШС 1996 жылы «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің БӨҚ және А Байланыс мекемесінде 6-разрядты слесарі лауазымына қабылданды. Сол жылы 6-учаскеде Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарі болып еңбек жолын бастады.

1999 жылы Жетібай кентіне ауысып, Жетібай Өндірісін автоматтандыру цехи (Жетібай ӨАЦ) - БӨҚ және А 6-разрядты слесарі болып 2013 жылға дейін зейнет жасына келгенше БӨҚж/еА слесарінің қызметін атқарып келді. Мұнай саласындағы жұмыс өтілі – 31 жыл, ал «Мұнайтелеком» ЖШС-ті өтілі - 17 жыл болған мұнайшы зейнеткердің мәртебесі зор.

«Мен үшін мұнайшылықтан асқан мәртебелі мамандық жоқ, еліміздің өсіп-өркендеуінде ерекше орын бар бұл кәсіпті тек мықты жандар ғана менгерсе керек. Осындай жандармен қатар жүргенім үшін, мұнайшы болғаным үшін тағдырыма мың алғыс айтамын. Мен жалпы өзімді бақытты жан санаймын» –деп, талай мерекелік жиындарда, бас қосуларда жүрек жарды

тілектерін айтушы еді. Серік Ахметов Кен орындардың алғашқы ашушылар қатарында болып, тәстік белгі және диплом алып көптеген грамоталармен марапатталған жандардың бірі болатын.

«Мұнайтелеком» ЖШС-де жұмыс істеген уақытында Серік Ахметов еңбексүйгіштігінің, жоғары кәсібилігінің және өндірістік басқарудың, таңдаған кәсібіне адалдығының арқасында, өзін сауатты және ұқыпты, атқарушы қызметкер ретінде жағымды жағынан көрсете білді.

Цехтардың желдеп өндірістік қызметін, мұнай кәсіпорындарындағы байланыс және автоматика жабдықтарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді, Кәсіпорын бөлімшелерінің жоспарды орындауын жүзеге асырды. Жаңа және күрделі жөндеулерін автоматтандырылған нысандарды монтаждау, баптау және пайдалануға қабылдау бойынша жұмыстарды ұйымдастырып, үйлестіріп және қадағалады. Өндіріске жаңа технологиялық жабдықты енгізуге, жабдықтар мен құралдардың жаңа түрлерін сынауға қатысты.

Ұжымда лайықты құрметке ие болды және барлық өндірістік тапсырмаларға жоғары жұмыс қабылеттілігімен және адал қарым-қатынасымен ерекшеленді.

«Мұнайтелеком» ЖШС-де 1996 Жетібай МАДЦ нысаны бойынша жаңа техниканы енгізуге белсенді қатысқан. Тікелей жабдықтардың жаңа жүйесін, қайталама аспаптар мен дала датчиктерін монтаждау және баптаумен айналысқан. Микропроцессорлар негізінде жаңа жабдықтарын басқаруды сөтті игерген.

Біліктілік білімі мен кәсібі деңгейін арттыру бағытында көп қызмет еткен және өзін-өзі дамытумен, оқытумен ардайым айналысып келген тұлғалардың бірі. Өрқашанда басқаларға көмекке келіп, жас қызметкерлермен жинақталған тәжірибесімен бөлісіп, бұл әрекеттері үшін оны ұжымда әлі күнге дейін еске алып бағалап отырады. «Мұнайтелеком» ЖШС еңбек ұжымы арасында әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру кезінде ардайым бастамашылық танытып, шетте қалмай қатысып отыратын.

Қазақстан Республикасының, «Мұнай-телеком» ЖШС мұнай-газ кешені дамуына көптеген еңбегі мен үлесін қосқан Кәсіпорының бірден-бір қажырлы да қайратты жандардың бірі.

Жер байлығын халықтың ырзық-несібіне айналдыру жолында талмай еңбек еткен Зейнет ардагерлеріміз және Серікестіктің жұмысшылары аман болсын. Бүгінгідей күнге жеткеніміз – Туелсіздіктің, еліміздің амандығының, жұрттымыздың тыныштығының арқасы –деп білеміз.

«Мұнайтелеком» ЖШС-нің атынан жүрек түбінен шыққан шынайы ғишылығымызды білдіре отырып, оларға еліміздің экономикасын дамытуға, Туелсіздігіміздің мәңгілік болуына жемісті еңбек етіп, Алланың абыройына бөленіп, бақытты ұзақ ғұмыр кешулеріне тілектестік білдіреміз. Бірлескен жұмысымыздың мерей үстем боғай-деп тілейміз!

«Мұнайтелеком» ЖШС

Мұнараларды самсатқан қыр басына

ЖЕТІБАЙ – ЖАСАМПАЗ ЕҢБЕК БЕСІГІ



Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл, Маңғыстау мұнайы нарыққа шыққанына 60 жыл толған торқалы той жылы болғалы тұр.

Сонау 1961 жылғы шілдеде биіктігі 50 метрден асатын қуаты күшті мұнай бұрғағын ырыққа көндіріп, құбырға жалғаған күннен бастап үстіртке қонып, қияннан өріп» жүріп, ел казынасын игеріп, Жетібай кен орында еңбек етіп келе жатқан мұнай-шырлардың легі тоқтаған емес.

Жетібай байлығын игеруде мерейі қашанда үстем мұнайшылардың ғана емес, оларға мердігерлік қызмет көрсететін еншілес ұйымдардың да сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Төсінде күн мен жел нәлік еткен құлазыған шаңды даладан еңбек майданы қызып тұрған ірі өндіріс орталығына айналған бүгінгі Жетібай кен орында ел игілігі үшін ерікпен пара-пар қызмет істеп жүрген «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыскерлерін атап көрсету орынды деп білеміз.

Маңғыстауда алғашқы мұнараларды құрастырудан бастап кен орындарды жайластырумен айналысып келе жатқан біздің компанияның тарихы да Жетібай мұнайы тарихымен бірге өріліп келеді. «Oil Construction Company» ЖШС Жетібай, Өзен, Қаламақ, Қаражанбас сияқты мұнайға бай кен орындарын ашу, жайластыру және игеруде басты рөл атқарған «Маңғыстау-мұнара», «Нефтьстрой», «Маңғыстау-мұнайжолдары» сынды серіктестіктерінің бірігуі нәтижесінде құрылды және олардың даңқты еңбек эстафетасының мәртебесін түсірмей, лайықты жалғастырып келеді. Қазіргі таңда «Oil Construction Company» ЖШС бас директоры Ақылбай Есболұлы Сапаровтың басшылығымен кәсіпорынның алға қойған мақсаттарына сай міндеттерді абыроймен орындауда.

Бас директорың өндіріс жөніндегі орынбасары – Дүйсенғали Бегейұлы Атчибаев, бас директорың адам ресурстарын басқару, еңбекақы төлеу, нормалау және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары – Ахмет Өтегенұлы Салманов, бас директорың экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары – Есен Башейұлы Бижанов, бас директорың жобаларды басқару жөніндегі орынбасары – жобалық кәсіпкер жетекшісі – Темірлан Нұрбайұлы Сәтбаевтар жаңа технологиялық әдістер енгізе отырып, кәсіпорындағы жұмыс қарқынды босаңдетпей, жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайының жоғарғы деңгейде болуына күш салып келеді.

Маңғыстаудың «алтын сандығы» – мұнай кені алғаш ашылған мекенде ерен еңбегімен елге танылған Жетібай құрылыс-монтаждау қызметінің ұжым мүшелері жаңбырсыз жазда пештің ішіне түсіп кеткендей ыстықта, қарыз қыста бет қаратпайтын аязда ірі-ірі құрылыс нысандарында көле үлігі, елге мақтан боларлық еңбек етуде.

Әр жылдары Жетібай құрылыс-монтаждау қызметіне Жұмабай Зинуллаұлы Әділбеков, Талғат Көбегенов, марқұм Сұлеймен Кабрешов сынды қарымды мамандар басшылық етті.



Жетібай құрылыс-монтаждау қызметінің базасында екі қабатты әкімшілік ғимарат, 150 орындық асхана, екі қабатты 200 орындық жатақхана, автономды жылыту қазандығы, қойма жайлары, ангар, құрылыс материалдарын сақтайтын алаңкайы бар мосылы кран, стационар бетонқоспағашы, мотор, токарлық, слесарлық цехтар орналасқан.

Жетібай құрылыс-монтаждау қызметі қазіргі заман талабына сай әртүрлі жағдайда пісіру жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін америкалық Lincoln Vantage 500, жапондық Denyo 300 пісіру агрегаттары, МТЗ-80 базасындағы пісіру постылары, газбен кесу постылары, Lincoln Electric Flextec 350, WARRIOR 5001 әмбебап пісіру аппараттары, Invertec 300TRX, ПСПЭ-50/400 электр пеші, электрод келтіретін ПЭ-10-150 термопалалы, ИВ-3430 құбыр ино кондырғысы, С-416М стационар сымғандағыш, құбыр окшаулауға арналған құралдар, құбыр салуға арналған троллейлік аспаптар және тағы басқа кондырғылармен жабдықталған. Көп салалы қызмет көрсететін кәсіпорынның өндірістік-техникалық базасы үнемі жаңғыртылып тұрады.

Жетібай құрылыс-монтаждау қызметі күшімен газ жинау тораптары, қатты жабынсыз автожолдар құрылысы, 12-ТҚ технологиялық сұйықтықты дайындау пункті, УСТ-1 газ сымғымдағыш станса, МАДЦ-дағы газ сымғымдағыш станса, газіспекті станса, Солтүстік Қарағия – Хазар КС газ құбыры, сымдылығы 5000 м³ су тазартқыш станса, сымдылығы 1000 м³ су тазартқыш станса, шыныпластик құбыр монтаждау, бұрғылаудан шыққан ұңғымаларды жайластыру, мазутталған топырақты қайта өңдеу кондырғысы, қат қысымын қолдау жүйесін қайта құрылымдау - сымдылығы 5000 м³, 10000 м³ тік болат сұйыққоймалар (РВС), су таратқыш блок, айдағыш коллекторлар, сыртқы жиықтық тарату құрылысымен (КРУН) №3 блокты-топтық станса, «Жетібай кен орындағы Еділ суы өндірістік стансасын қайта құрылымдау» нысанындағы әрқайсысы 5000 м³ ауыз су сұйыққоймалары, ВЛ-35кВ бар ПС-35/6кВ, вахталық кент

жұмыскерлеріне арналған тұрғын кешені салынды, Асар-1, -2, -3 кен орындарында жаңадан топтық кондырғылар салынып, жиплету скважиналарын жайластыру жұмыстары жүргізілді.

Компания өз қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетумен қатар өз құрылыс нысандары орналасқан елді мекендердегі халықтың мұқтажын ескеріп отырады. Соның бір мысалы - Қарақия ауданының елді мекендерін де ауыз сумен қамтитын стансаны пайдалануға тапсырды.

Жетібай кен орынындағы компанияның жетістіктері - қызмет жетекшісі Әбдіжамал Омаров және әр қызметкердің күш-жігері мен жұдырықтай жұмылған ұжымның қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Ұңғыманы бұрғылауға дейінгі жер қазу, алаңқай дайындау, бұрғылау және қазандық кондырғыларын бөлшектеу, тасымалдау, монтаждауға қатысты технологиялық үдерістің барлық жұмыс түрлерін атқарып келген ерен еңбегімен ерекшеленген ұжымның ардагерлері – Тілеген Аққұлов, Мирсадық Махмудинов, Амантай Сәрсенов, Вахит Саидов, Алібер Пермағанбетов, Нұрберді Қосбаев, Евгений Чи-Ян-Чи, Қонақбай Масақов, Абай Сәрсенов, Ералы Назыз, Көшкімбаев Сәтмағанбетов, Сәдуақас Байназаров, Орынғали

қосып жүрген жобалық жетекші Мұрат Токпаков, жұмыс ұйымдастырушылар Серік Елбаев, Мұрат Жұмабаев, шеберлер Қайрат Сансызбаев, Ералы Қосқабай, Махамбет Мұса, Өтеген Қойшығұлов, Ерлан Бектасов, Гарифола Айтжанов жұмыстардың жобасметалық құжаттарға сай, технологиялық біріншілікке сәткі атырып, мүлтіксіз орындалуын қалағалыды. Маңызды нысандар құрылысында адал еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген майталман сыртқы құбыр монтажшылары Досан Қаржаубаев, Мархабат Жұмабеков, құрылыс құрылмалар монтажшылары Ержан Шаңқұлов, окшаулаушылар Темірғаз Бекембаев, Гүлжан Жұмағалиева, электрғазбен пісіруші Қуандық Селмағанбетов, Әбілқайыр Жарылғас сияқты жігерлі азаматтар нысандардың дiттесіне уақытында пайдалануға берілуіне айнабай күш салды. Монтажшылар Парахат Дүйсенов, Полат Сатаев, Бекжан Жаңбырұттардың жетекшілігімен жұмыс істейтін звено мүшелері Берік Қарабалаев, Сәттігүл Сартаев, Мұрат Маханов, Юсуп Тәжмағанбетов, Нұрғалы Абыханов, Әсет Әліев сөзге сараң, іске келгенде алдына жан салмайтын, біліктілігі жоғары, заман талабына лайықты жұмыс тәсілдерін менгерген, жасампаз еңбегімен көзге түсіп жүрген, барлық қиындықты жеңіп келе жатқан жұмыскерлер. Олар жоғарыда көрсетілген нысандар құрылысында әрдайым екендік еңбек етіп жүр. Бұл - компанияның білікті мамандарымен қуаты екендігінің дәлелі.

Өндірістің негізгі қозғалушы күші және еліміздің басты байлығы - адам ресурстарын дамытуға, эпидемиологиялық қорғауды,



Тілеумағанбетов, Нәзипа Абубакирова, Ыбырай Алимұхамедов, Борис Распаев, Мұқаш Сүйінов, Орынбасар Жолбаев, Владимир Тілегенов, Мақсат Қамысбаев, Владимир Тошев, Итемген Ескалиев, Аллаберді Өсербаев, Исмағұл Искендиевтер аты компания тарихында алтын әріптермен монгі жазылып қалады.

Жыл сайын жоспарлы құрылыс нысандарында жұмыс жүргізу сапасын бақылауды, жүрісі мен ырғақтылығын ұйымдастырып, бөлегістерді болдырмау үшін жобалық және звенолық басқару әдістері енгізілді. Барлық жұмыс көлемін жобалық басқару қағидаатына көшіру іске асырылды. Барыныша егжей-тегжейлі жұмыс жоспары мен кестелерін құру және жекелеген жобалық менеджерлер тағайындау арқылы жобалық басқаруды қолдану барлық жұмыстарды шарт мерзімдеріне, талап етілетін сапаға сәйкес аяқтауға мүмкіндік берді.

Жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуына күш салып, өндірістік жоспарды орындауға зор үлес

қалдырып және әлеуметтік саясатты компания басты назарда ұстайды. Технологиялық жетістіктерді қолданатын алдыңғы қатарлы дамыған ел кәсіпорны болу мақсатына сай үнемі кадрларды оқытып, білімін жетілдіріп отырады. Кен орындарында қызметкерлердің еңбек жағдайының қолайлы болуы, жұмыстан кейін жайлы, жылы бөлмеде, керекті құралдармен жабдықталған жатақханада тынығуы, сауығуы, спорт алаңдарында жаттығуы үшін керекті шаралар қабалданыған. Ас мәзірі түрлендіріліп, сапасы тексеріліп тұратын асханада тамактананды.

Жыл бойы ашығынған шаңды күні көп болатын Жетібай жерінде мынау әлемді пандемия үрейі айналып жүргенде қиындықтарға шыда беріп, жұмыла еңбек етіп, босансауа жол бермеуге өз үлесін қосып жүрген ұжым мүшелері биылғы мерейлі жылда да жасампаз еңбек үлгісін көрсетеді деп сенеміз.

А.Есбосын
«Oil Construction Company» ЖШС



Қайырымдылық

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Құрметті әріптестер, тағы да бір жылды артқа қалдырып, есеп беретін кезегне келіп жеттік. Өткен жыл баршамызға да оңай болған жоқ. Дегенмен, қолымыздан келгенше еңбек етіп, Қор қызметін тұралатпауға тырыстық.

2020 жылғы 12 айдың есебінен Қор қазынасына 2 946 000 теңге көлемінде қаражат келіп түсті. Оның 14 501 теңгесі Қордың есеп шотын жүргізуге кеткен банктік шығындар. Қалған қаражат мақсатқа сай жұмсалды, есебін төменде келтіреді. Бір айлық жарна орташа есеппен 250 000-ға жетер-жетпес соманы құрайды. Бір адамнан ай сайын 1000 теңге көлеміндегі ғана қаражат түсетінін ескерсек, Қорға тұрақты салымшы болып отырған 250-ге жуық адамның бар екенін аңғару қиын емес. Осы орайда, маңдай тер, табан етімен тапқан қаражатын осындай игі іске жұмсап отырған барша жанашыр әріптестерімізге Алланың нұры жаусын дейміз. Сіз аударған қаражат, мұқтаж жанның қолына тимес бұрын Алланың назарына көтерілетінін ұмытпаңыз (хадис). Садақаныз қабыл болғай!

Сонымен, 2020 жылы Қор атынан жасалған алғашқы қайырымдылық көмек Компаниямыздың бұрынғы қызметкері, зейнеткер Лена Шинбаева апамызға берілді. Лена апаның қолындағы кенже үйі бірнеше жылдан бері созылмалы кәтерлі ісік ауруына шалдығып, дертіне дауа таппай жүрген жан екен. Баласы үшін шыр-пыр болған ананың жанықайына бей-жай қарап алмадық. Қаңтар айы есебінен жиналған 244 000 теңгені табыс еттік. Алайда бұл қаржы науқас жанның тек бір реттік ем қабылдауына ғана жетелі екен, оған емге берген химиялық терапияның 1 процедурасына 207 000 теңге қажет.

Ақпан айында жиналған қаражат Компаниямыздың әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментінің қызметкері Роза Ережепова әріптесіміздің өтініші негізінде жұмсалды. Қамқорлық кеңес мүшелерінің келісімімен әріптесіміздің кәтерлі ісік дертіне шалдыққан тумаласы, көмелет жасына толмаған жасөспірім қызды емне 240 000 теңге қаражатты табыстадық.

Наурыз айында жиналған қаражат шегінен 200 000 теңге көлеміндегі ақша Мұнайлы ауданының тұрғыны Ерсайын Майрамовтың өтінішін қанағаттандыруға жұмсалды. Қаражат оның 2020 жылы «қоянжырық» диагнозымен туылған баласының Нұр-Сұлтан қаласында ота жасатуына берілді. Кейін белгілі болғандай, ота жасалып, сәбидің өміріне деген көпін түбегейлі сейілді. Ол туралы ата-анасының ыстық лебізін Компаниямыздың әлеуметтік желідегі парақшасында жазған болатынбыз.

Шілде айы COVID-19 пандемиясы ескіні толқынның шыңау шегі болды. Ауруханалар мен емханалар, ауруға шалдыққан азаматтар қажетті дәрі-дәрмек пен құрал-жабдықтың жоктығын айтып жатты. Осы тұста науқастарға бірден бір қажетті болған оттегі концентраторларына деген үлкен тапшылық орын алды. Сондықтан, елдегі жағдайды ескере отырып, Қор қаражатына 3 дана оттегі концентраторы сатып алынып, Компанияның кеңорындары орналасқан Маңғыстау мен Қарқия аудандарының орталық ауруханаларына табысталды. Құрылғылардың жалпы құны 510 000 теңгені құрады. Екі данасы Маңғыстау ауданына және 1 данасы Қарқия ауданына жолданды.

Тамыз айында «Мұнайлы өлке» қорының бастамашылығымен үлкен қайырымдылық шарасын жүзеге асырдық.

Қордың жарғылық мақсаттарында балалар мен жасөспірімдерге жан-жақты көмек беруге басымдылықтар қарастырылған. Осы орайда, жыл сайын 1-қыркүйек қарсаңында «Мектепке жол» республикалық акциясына өзіндік үн қосу Қор дәстүріне айналды. Бұл жолы өз қаражатымыздан бөлек, жұрттан жылу жинап, бас-аяғы 2 аптада 330 000 теңге қаражат жинадық. Оған Қор атынан шілде айында жиналған қаражат есебінен тағы 170 000 теңге қосып, барлығы 500 000 теңгені аз қамтылған көпбалалы отбасы балаларына оқу құралдары жиынтығын сатып алып, табыстадық. Жиналған қаражат 120 дана жиынтық жасактауға жетті. Демек 120 отбасы сіз жолдаған жылуды сезінді.

Қор салымшыларының тамыз айындағы жарналары есебінен жиналған 250 000 теңге көлеміндегі қаражат

теңгені «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметкері Тұржан Сүйесіновтың өтініші бойынша жүрек ауруына шалдыққан екі бірдей баласын Нұр-Сұлтан қаласына емге апару үшін демешілік ретінде табыстадық.

2020 жылғы желтоқсан айының басында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының «Лес» орталығы мамандарымен бірлесіп Маңғыстау облысы мұнай-газ саласы мекемелерінің арасында ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай қайырымдылық акциясын жариялады. Мақсатымыз мұқтаж отбасылар балаларына қысқы киім-кешек алып көмектесу болатын.

Шара жас мамандар мен әлеуметтік желі қолданушыларының арасында қызу қолдау тауып, бас аяғы он күннің ішінде 350 000 теңге көлеміндегі қаражат жиналды. Соның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы,



тізімге енген отбасылардың қолына ақша емес, аталған дүкенде киім алуға мүмкіндік беретін сертификаттар табысталды. Ал қайырымдылыққа жиналған қаржы тікелей дүкен қассасына төленді. Бұған қоса, дүкен иелері Бақытжан және Нұржан есімді ағайындар азаматтар әр отбасына қосымша 10 пайыздық жеңілдік сыйлап, елу мың емес елу бес мың теңгеге тауар алуға мүмкіндік берді.

Қараша айы есебінен жиналған 250000 теңге көлеміндегі қаражат екіге бөлініп жұмсалды. Бір жүз мың теңгесі 3-шағын аудан тұрғыны Айнаш Избасованың өтініші бойынша жұмыс кезінде үйшіні қабаттан құлап, омыртқасына түскен жаракаттық кесірінен төсек тартып қалған жолдасы Кемельбай Избасовтың кезекті емне жұмсау үшін табысталды. Қалған жүз елу мың теңгесі Компаниямыздың автоматизация, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің қызметкері Ерлан Жұмашевқа табысталды. Қаражат Ерланның жолдасы Малика Жұмашеваның емне жұмсалды. Малика қазір бүйрек трансплантациясы отасын жасатуға дайындық үстінде екен.

Сонымен қатар, осы есеп жазылып жатырған 2021 жылғы қаңтар айының соңына Қор қазынасына 2020 жылғы желтоқсан айы есебінен қалған 317 499 теңге көлеміндегі қаражат сақтаулы тұр. Кезегі келгенде, өтініштердің ретіне қарай, бұл қаражат та қайырымдылық мақсатқа жұмсалатын болады.

«Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының 2020 жылы атқарған істерінің есебі міне осындай. Сандарды сөйлетсек бір жылда осы қайырымдылық мақсатқа Қор қаражатынан тыс жұмылдырылған ақшаларды да қосып есептегенде 3 194 000 теңге жұмсалыпты. Қор атынан жүзеге асқан шаралардың шапағаты 139 отбасына тиген. Қордан көмек алған отбасылардағы балалар саны 178 адам, ал ересектер саны 5 адам. Көмек алғандардың ішінде 8 адам Компания қызметкерлері, 2 адам сырттан хабарласты. Ал Қор атынан сыйға тартылған оттегі концентраторларының пайдасы қанша жаңға тигені бір Аллаға ғана мәлім. Міне, әріптестер. Осы жұмыстың бәрінде де Сіздердің үлестеріңіз бар. Алла саудаған жазсын!

Қадірлі замандастар, құрметті мұнайшы әріптестер! Баршаңызды осы Қордың төңірегіне жиналып, қайырым амалдардың ұйытқысы болуға шақырамыз. Қордың бір айлық қайырымдылық жарнасы 1000 (бір мың) теңгені ғана құрайды. Тиісті өтінішті толтырып, жарнаны аударуға рұқсат берсеңіз, жалақыңыздан автоматты түрде ұсталып, Қор есеп-шотына аударылып отыратын болады. Көп түкірсе көл болады демекші, біріге жүріп біраз шаруа тиндыруға болатынын көріп отырсыздар. Ендеше, Қорға салымшы болыңыздар!

Байланыс нөміріміз: 8 707 703 4444.

Құрметпен,

«Мұнайлы өлке» ҚҚ директоры Гани Әбдісадық




«Қаламасмұнайгаз» ӨБ қызметкері, ТСДБ машинисі Ж.О.Тәжімановтың өтініші бойынша, Нұр-Сұлтан қаласында жоспарланған күрделі ота жасатуға демеу ретінде жұмсалды.

Ал, қыркүйек айында Қорға жиналған қаражаттан 200 000 теңгені екіге бөліп «Жетібаймұнайгаз» ӨБ экология учаскесінің қызметкері А.Аманқұловтың өтініші бойынша кәтерлі ісік ауруына шалдыққан анасының емне қажетті дәрі-дәрмек алуға және осы бөлімнің тағы бір қызметкері А.Жұматаевтың өтініші бойынша оның 1962 жылы туған ағасы, мүгедек азамат, Т.Жұматаевтың жүрегіне жасалған отадан кейінгі емдік шараларын ұйымдастыруға көмек ретінде жұмсалды.

Сондай-ақ, көлік департаментінің қызметкері Рахат Укасбаевтың тауағатты науқасқа шалдыққан баласының кезекті емне пайдалану үшін 150 000 теңге көлемінде қаражат бөлінді. Тағы 150 000

«ТұлпарМұнайСервис» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС мекемелерінің жастары ерекше белсенділік танытып, шараның өтуіне өлшеусіз үлес қосты. Сондай-ақ, қомақты үлес қосып, есімдерінің белгісі қалғанын қалаған желі қолданушылары да болды. Баршаңызға Алла разы болсын!

Көпшіліктен келіп түскен бұл қаражатқа «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры атынан 2020 жылғы қазан айы есебінен жиналған 250 000 теңге қосылып, шараның жалпы қоры 600 000 теңгені құрады. Жиналған қаражат 50 000 теңгемен бөлініп, 12 отбасында өсіп жатқан 54 балаға киім-кешек алуға табысталды. Алайда, жиналған қаражаттың мақсатты жұмсауын қамтамасыз ету үшін Мұнайлы ауданы Басқудың ауылында орналасқан «SAFIYA» балалар киімі дүкенінің иелерімен алдын ала келісім жасалып,

 <p>Мұнайлы Өлке Мөнішк иесі: «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ Редактор: Есназар Сұлтанов Редакция алқағы: Л.Жолдыбаева Г.Әбдісадық, А.Ақшаева</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<ul style="list-style-type: none"> ■ Газет жарияланымдарындағы көзқарасын білдірмейді ■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды 	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде тәртіпті, беттелді. Индексі: 64265</p>	<p>«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим. тел: 8(7292)507000</p>
---	--	---	--	---	---